



КЕҢЕС ДӘУІРІНДЕ
МЕШІТ АШҚАН

6

Астанада Нұрғиса
Тілендиевтің 100
жылдығына арнал-
ған «Құстар әні»
республикалық
фестивалі өтті.

ТІЛЕНДИЕВ
ТУЫНДЫЛАРЫНЫҢ
САЛТАНАТЫ

8



“ ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Намыс пен жігер бізге біреудің
сыбағасына көз аларту үшін емес,
өз сыбағамыздан айырылып қалмау
үшін керек.

Әбіш КЕКІЛБАЙҰЛЫ

”

№39
(4783)
Сенбі
5 сәуір
2025 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ҚЫЗУ ДАЙЫНДЫҚ

Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған әскери парадқа дайындық қызу жүріп жатыр.

Бүгінгі таңда парадқа қатысушылар елордаға келіп, барлық бөлімшенің біртұтас күшіне бірігіп, қарқынды жаттығуға кірісті.

Биыл шеруге 24 парадтық есептоп қатысады. Қатысушылардың жалпы саны 4 мыңнан асады, оның 200-ден астамы – әскери қызметші қыз-келіншектер. Механикаландырылған лекте 300-дің үстінде жауынгерлік және арнайы техника бірлігі сап түзеп жүріп өтеді, олардың қатарында тарихи кезеңді көрсететін техника үлгілері де бар. Әуе шеруіне әр түрлі типтегі 66 ұшу аппараты қатысады.



5

БАЛАБАҚША КЕЗЕГІ ҚАЙТСЕ РЕТТЕЛЕДІ?

Жыл басынан бері ваучерлік қаржыландыру жүйесіне қосылған Астана қаласында бүгінде 648 мектепке дейінгі ұйым бар. Осыған дейін балабақшаға өтініш берушілерге 6703 ваучер бөлінді. 5211 бала жаңа жүйе арқылы балабақшаға орналасса, 1400 баланың өтініші таңдау үстінде. Ваучерлік қаржыландырудың негізгі үш қағидаты бар. Бұрын балдырған балабақшаға орын үшін кезекке қойылса, қазір ваучерге кезекке тұрады. Балабақшаны ата-ана таңдайды. Мемлекеттік тапсырыс балабақшаға бекітілсе, қазір ваучер баланың соңынан ереді.

«ASTANA AQSHAMY»

ГАЗЕТИНЕ ЖАЗЫЛУ
ЖҮРІП ЖАТЫР

АУҚЫМДЫ ТАЗАЛЫҚ БАСТАЛДЫ

Бүгінде елорданың барлық 6 ауданында санитарлық тазалау жұмысы жүргізілуде. Арнайы техниканың көмегімен тротуарлар мен жол жабындарын механикаландырылған тазалау қолға алынды. Көгалдандыру қызметкерлері күн сайын көгалдарды қоқыстан тазартуға кірісті. Қолмен және техниканың көмегімен жол жиегі тазаланады. Сондай-ақ коммуналдық қызметтер еріген суды сору жұмысын да жүргізіп жатыр.

4



ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ ҰСЫНЫЛДЫ

Астана қаласының Есіл ауданы әкімдігі мен Еңбек мобильдігі орталығы бірлесіп, бос жұмыс орындары жәрмеңкесін өткізді. Аудан алғаш рет ұйымдастырған жәрмеңкеге 40-қа жуық жұмыс беруші қатысып, 1300-ден астам бос жұмыс орнын ұсынды.

Жәрмеңке жұмыс беруші мен жұмыс іздеуші арасындағы тікелей байланыс арқылы білім беру ұйымдарының түлектерін, сол сияқты жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесуге бағытталды. Білім, сауда, қаржы, құрылыс саласындағы мекемелер жұмыс іздеп жүрген азаматтарға ақпарат-түсіндіру жұмысын жүргізіп, түйіндемесін қабылдады. Іс-шараның ерекшелігі – «Жұмысшы мамандықтары жылына» орай өтуінде. Атаулы жылға орай орташа жалақысы 200 мыңнан 500 мыңға дейінгі слесарь-электрик, кран машинисі, инженер, автобус жүргізушісі секілді мамандықтар бойынша бос орындар ұсынылды.



№39 (4783) 05/04/2025 Сенбі

Төлен ТІЛЕУБАЙ

ДИАЛОГТЫ ІЛГЕРІЛЕТУГЕ ЫҚПАЛ ЕТЕДІ

Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевпен кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев «Орталық Азия – Еуропа Одағы» саммитіне ерекше мән беретінін жеткізіп, аталған жиын аймақ елдерінің Еуропа Одағымен диалогын ілгерілетуге ықпал ететініне сенім білдірді. Президенттер Алматыдағы бейресми кездесудің нәтижелі өткеніне назар аударды. Сондай-ақ оның қазақ-өзбек қатынастарын тағы бір пысықтап, бірлескен жұмыс бағыттарын айқындауға мүмкіндік бергеніне тоқталды. Мемлекеттер басшылары Қазақстан мен Өзбекстан ынтымақтастығы қарқынды дамып келе жатқанын атап өтіп, екіжақты байланыстардың барлық бағыты бойынша өзара тиімді серіктестік аясын кеңейту ниетін растады.

ЕО НАРЫҒЫНА 175 ТАУАРДЫ ЭКСПОРТТАУҒА ДАЙЫНБЫЗ

Одан әрі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Орталық Азия – Еуропа Одағы» саммитіне қатысып, сөз сөйледі. Президент ерекше қонақжайлық көрсеткен және саммитті жоғары деңгейде ұйымдастырған Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёевке алғыс айтты. Сонымен қатар көпжақты ынтымақтастықты нығайтуға әрдайым ниет танытқаны үшін Еуропалық Кеңес Президенті Антониу Коштаға, Еуропалық комиссия Президенті Урсула фон дер Ляйенге және Орталық Азия елдерінің басшыларына шынайы ризашылығын білдірді.

Қазақстан Президенті геосаяси дүрбелеңдер мен жаһандық сын-қатерлер белең алған кезеңде Орталық Азия мен Еуропа Одағы арасындағы ықпалдастықтың өзектілігі арта түскеніне назар аударды. Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азия мен Еуропа Одағының келешектегі күн тәртібіне қатысты өз ойын ортаға салды.

Президент, ең алдымен, сауда-экономикалық байланыстарды нығайтуға баса мән берген жөн деп санайды. Оның айтуынша, Қазақстан ЕО нарығына жалпы құны 2 миллиард доллардан асатын 175 тауар түрінің экспортын ұлғайтуға дайын. Қасым-Жомарт Тоқаев еуропалық компанияларды осындай жаңа жобаларды қаржыландыру үшін «Астана» халықаралық қаржы орталығының алаңын пайдалануға шақырды.

АСТАНАДА ОРТАЛЫҚ ҚҰРУДЫ ҰСЫНДЫ

Мемлекет басшысы энергетика саласын ынтымақтастықтың аса маңызды бағыты ретінде атады.

«Қазақстан – Еуропаға көмірсутегін жеткізетін сенімді серіктестердің бірі. Еуропа Одағы шетелден импорттайтын мұнайдың 13 пайызға жуығы біздің елімізге тиесілі. Оның басым бөлігі Каспий құбыр консорциумы (ККҚ) арқылы тасымалданады. Еуропа Одағы аталған консорциумның тұрақты әрі ұзақ мерзімді жұмыс істеуіне қолдау білдіріп отыр. Біз мұны жоғары бағалаймыз. Дегенмен шикізат тасымалдаудың балама жолдарын да дамытамыз. Қазақстан жаңартылатын қуат көздері мен экологиялық таза отын жобаларын жүзеге асыруға кірісті. Total, Eni, Svevind секілді бұрыннан келе жатқан серіктестерімізбен және басқа да еуропалық компаниялармен бірге жел, күн электр стансаларының қуатын арттырып, «жасыл» сутегі өндірісі жобасын қолға



ЫҚПАЛДАСТЫҚ ӨЗЕКТІЛІГІ АРТА ТҮСКЕН КЕЗЕҢ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Орталық Азия – Еуропа Одағы» саммиті мен «Жаһандық климат сын-қатерлері кезеңіндегі Орталық Азия» халықаралық конференциясына қатысу үшін Самарқанд қаласына барды. Мемлекет басшысын әуежайда Өзбекстан Премьер-министрі Абдулла Арипов қарсы алды. «Орталық Азия – Еуропа Одағы» саммиті аясында Қазақстан Президенті Еуропалық Кеңес Президенті Антониу Коштамен және Еуропалық комиссия Президенті Урсула фон дер Ляйенмен, Еуропалық қайта құру және даму банкінің президенті Одиль Рено-Бассомен және Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевпен кездесті.



алдық. Бұдан бөлек, Қазақстан Өзбекстан және Әзербайжан елдерімен бірлесіп, «жасыл» энергияны Каспий теңізі арқылы Еуропа нарығына жеткізетін біртұтас электр желісін салу бойынша ірі жобаны бастады» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, сирек кездесетін минералдарды игеру саласындағы ынтымақтастықтың стратегиялық маңызы зор. Бүгінде Қазақстанда Еуропа Одағы экономикасына қажетті 34 шикізаттың 19 түрі өндіріледі. Оның қатарында уран, титан, мыс, литий, кобальт, вольфрам және басқа да көптеген элементтер бар. Сонымен қатар еліміз Еуропалық қайта құру және даму банкімен арадағы келісім бойынша геологиялық барлау саласында бірлескен жобаларды іске асырып, кен игерудің озық тәжірибесін енгізіп жатыр. Бұл ретте Президент Астанада Сирек кездесетін металдарды зерттейтін аймақтық орталық құруды ұсынды. Аталған ғылыми мекеме кәсіпорындар мен инвесторларды игеруге болатын

көшіртер, технологиялардың дамуы туралы өзекті ақпаратпен қамтамасыз етеді.

Мемлекет басшысы Орталық Азияның Шығыс пен Батыс арасында тиімді жеткізу тізбегі қалыптасқан транзит торабына айналуға мүмкіндігі бар деп санайды. Былтыр Транскаспий халықаралық көлік дәлізімен контейнер арқылы тасымалданған жүк көлемі 62 пайызға артып, 4,5 миллион тоннаны құраған. 2027 жылға қарай жүк көлемін он миллион тоннаға дейін жеткізу көзделіп отыр. Қасым-Жомарт Тоқаев Еуропа Одағының Орталық Азия өңіріндегі орнықты көлік байланысының дамуына оң септігін тигізіп отырған Global Gateway стратегиясына қолдау білдірді.

Қазақстан декарбонизация бастамаларын белсенді жүзеге асырып келеді. Президент еліміздің әлемдегі ядролық отынның 40 пайызға жуығын қамтамасыз ету арқылы таза энергия өндірісінде маңызды рөл атқаратынын айтты. Өткен жылы Қазақстанда Климаттың өзгеруі және жасыл энергетика

бойынша Жобалық кеңес ашылды.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ КАМПУС АШУ БАСТАМАСЫН КӨТЕРДІ

Мемлекет басшысы цифрлық технология мен жасанды интеллектті дамыту мәселесіне айрықша тоқталды.

«Қазақстан аталған салаларға инвестицияны арттырды. Жыл басында Президент жанындағы Жасанды интеллект жөніндегі халықаралық консультативтік кеңестің негізі қаланды. Қазір елімізде 100 мың жоғары білікті IT-маман даярлауды көздейтін ауқымды бағдарлама басталды. Астанада Aem.ai жоғары технологиялар орталығын құру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Ол инновацияны енгізумен, стартаптарды қолдаумен және осы салада зерттеулер жүргізумен айналысады. Бұдан бөлек, біз жасанды интеллект саласының дамуын жеделдету үшін Венчурлік қорды іске қостық. Еуропа Одағы Team Europe бастамасы арқылы Орталық Азия елдеріне цифрлық технологиялар саласындағы ынтымақтастықты өркендетуге көмек көрсетіп келеді. Қазақстан бұл бағытта тәжірибе алмасуға дайын. Осы орайда Astana Hub базасында «Орталық Азия – Еуропа Одағы» инновациялық кампусын ашуды ұсынамын» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Еуропа Одағы еліміздің ғылым және білім саласындағы маңызды серіктесі екенін атап өтті.

«Мемлекеттеріміз Erasmus+, Horizon Europe бағдарламалары және тағы да басқа бастамалар аясында ынтымақтаса жұмыс істеп келеді. Қазақстанда отыздан астам шетелдік университеттің бөлімшелері ашылды. Бұл елімізде академиялық білімнің өркен жаюына ықпал етеді. Біз грант-

тар мен стипендиялар санын көбейтуге мүдделіміз. Мұндай бірлескен бағдарламалар бірқатар Еуропа елдерімен жүзеге асырылып жатыр. Жасанды интеллект, су ресурстарын басқару, биотехнология секілді маңызды салаларда маман даярлауға басымдық беретін «Орталық Азияға арналған Erasmus+ бағдарламасын әзірлеуді ұсынамыз» деді Президент.

ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫҢ БАСТЫ КЕПІЛІ

Мемлекет басшысы орнықты дамудың басты кепілі саналатын халықаралық қауіпсіздік пен тұрақтылықтың маңызына тоқталды. Оның айтуынша, Қазақстан теңгерімді сыртқы саясатты берік ұстанады және барлық мүдделі мемлекеттермен, негізгі халықаралық құрылымдармен, соның ішінде Еуропа Одағымен ынтымақтастықты кеңейтуге ниетті.

Президент жаһандық тұрақсыздық шиеленісе түскен кезеңде әлемдегі күрделі оқиғаларға баға беруде барынша байыптылық танытып, жауапкершілікпен қарауға шақырды. Сондай-ақ ол барлық елді БҰҰ Жарғысы мен жалпыға ортақ халықаралық құқық қағидаларын мүлтіксіз сақтау үшін барынша күш-жігер жұмылдыруға, сондай-ақ Бас хатшы Антониу Гутерриштің қызметіне қолдау білдіруге үндеді. Ұйымның құрылғанына 80 жыл толған сәтте мұның өзектілігі арта түседі.

Қасым-Жомарт Тоқаев Украинаға қатысты келіссөз процесіне қолдау білдірді.

«Қазақстан кез келген қақтығыстың бейбіт жолмен шешілуін жақтайды. Сондықтан Украинаға қатысты келіссөздердің басталуын құптаймыз. Мәселенің күрделі екенін түсінеміз. Дегенмен шиеленіс оң шешімін табады деп үміттенеміз» деді Президент.

Мемлекет басшысы БҰҰ Бас Ассамблеясы Алматыда Орталық Азия мен Ауғанстан үшін орнықты даму мақсаттары жөніндегі аймақтық орталықты құру туралы қарарды бірауыздан қабылдағанын айтып, жиын қатысушыларына Қазақстанның бастамасын қолдағанына ризашылық білдірді. Оның пікірінше, орталық ұйымның 2030 жылға дейінгі күн тәртібін ілгерілетуге, өңірдегі өзекті әлеуметтік, экономикалық және экологиялық мәселелерді шешуге елеулі үлес қосады.

Саммитте сондай-ақ Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Еуропалық Кеңес Президенті Антониу Кошта, Еуропалық комиссия Президенті Урсула фон дер Ляйен, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Түрікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Еуропалық қайта құру және даму банкінің президенті Одиль Рено-Бассо сөз сөйледі.





ЕЛОРДА – БІРІНШІ ОРЫНДА

Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің төрағалығымен өткен Экономикалық өсуді қамтамасыз ету жөніндегі штаб отырысында Астана мен Алматының және Ұлытау, Қарағанды облыстарының дамуы талқыланды.

Елорда – инвестициялық жобалар саны мен халық өсімінің қарқыны бойынша өңірлер арасында бірінші орында. Қала экономикасындағы шағын және орта бизнестің (ШОБ) үлесі 73 пайызды құрайды. Бұл орташа республикалық деңгейден екі есе жоғары.

Бүгінде Астана пулы 18,3 мың жұмыс орнын құратын жалпы құны 2,5 трлн теңге 130 инвестициялық жобаны қамтиды. 2025 жылы 300

млрд теңгеден астам инвестиция тарта отырып, кемінде 50 жобаны іске асыру жоспарлануда. Сонымен қатар бірқатар ірі жобаны іске асыру басталды. Атап айтқанда: Kazak Protein зауыты (170 млрд теңге) – бидайды тереңдете өңдеу; ТОКК Қазақстан (55 млрд теңге) – жеңіл металлдан жасалған қаптама өндірісі; Lasselsberger (23,6 млрд теңге) – құрылыс қоспасы мен бояу өндірісі; электровоз құрастыру зауыты (15

млрд теңге) – электровоздарға арналған сервис орталығы.

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек штаб отырысында елорда маңындағы өнеркәсіп кластерінен одан әрі дамыту үшін №2 индустриалық парктің құрылысы басталатынын, оның аумағында 500 млрд теңгеден астам сомаға 50-ге жуық инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланып отырғанын хабарлады. Сонымен қатар елордада бірқатар ірі логистика жобалары іске қосылуға дайындалуда. Соның ішінде Wildberries логистика хабы және Озон көлік-логистика орталығының екінші кезегі бар. Барлық логистика жобаларына инженерлік инфрақұрылым жүргізу қажет.

ЖАҢА ИДЕЯЛАР АЛАҢЫ

Бас қалада Сенат жанындағы жергілікті өкілді органдармен (мәслихаттармен) өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестің екі күндік кеңейтілген отырысы аяқталды. Бұл туралы Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден өзінің Instagram парақшасында жазды.



Мәслихат төрағасы өз жазбасында кеңейтілген отырыс тәжірибе алмасу алаңы ғана емес, сонымен қатар жаңа идеяларды жүзеге асыруға мүмкіндік бергенін атап өтті.

«Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев өз сөзінде соңғы 30 жылда мәслихаттардың мемлекеттік басқару жүйесінің маңызды бөлігіне айналғанын атап өтті. Бүгінде елде 3300-ден астам мәслихат депутаты бар, олар өңірлердің дамуына белсенді атсалысып келеді. Президент реформаларының нәтижесінде олардың рөлі айтарлықтай нығая түсті. Кеңесте әлеуметтік мәселелерге ерекше назар аударылды: зейнетақыны индексстеу, бюджеттік сала қызметкерлерінің жаалақысын көтеру, мектептер мен медициналық нысандар салу. Жыл соңына дейін 200 мектеп пен 188 медицина мекемесін ашу жоспарланып отыр. Мәслихаттар өңірлердің дамуы, қоғам мен мемлекетті байланыстырудағы басты буын болып қала береді» деп жазды мәслихат төрағасы.

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС ҚҰРАМЫ БЕКІТІЛДІ

Апта ішінде өткен отырыста елорданың Қоғамдық кеңес комиссияларының құрамы бекітіліп, төрағалары белгілі болды, сондай-ақ жиында кеңес төралқасы сайланды.

Қоғамдық кеңестің төрағасы болып, бұған дейін осы лауазымды атқарып келген, Президент жанындағы Ұлттық құрылтай мүшесі, саяси ғылымдар докторы Зұлфухар Ғайыпов бірауыздан сайланды.

Кеңес құрамында ақпараттық-талдау жұмысы, экономика және қаржы мәселелері, әлеуметтік саясат саласындағы азаматтық қоғамның мүшелері, кәсіпкерлікті дамыту, заңдылық және құқықтық тәртіп, жастар мәселелері, энергия тиімділігі, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, құрылыс және экология мәселелері бойынша 6 комиссия жұмыс істейді. Ал ақпарат-



тық-талдау жұмысы мәселелері жөніндегі комиссияны Қоғамдық кеңестің мүшесі, «Elorda Aqparat» ЖШС дирек-

торы Олжас Сыдықбек басқаратын болды. Ол сондай-ақ Қоғамдық кеңес төралқасының құрамына енді.

КЕМЕЛ ТАРИХ ҚАЗЫНАСЫ

Кеше Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханада мемлекет және қоғам қайраткері, Сенаторлар кеңесінің мүшесі Қуаныш Сұлтановтың «Қазақтың Қонаевы» және дипломат, журналист-жазушы Гүлсім Еңсепованымен бірлесе жазған «Отыз жылдың ой толғауы» атты кітаптарының таныстырылымы өтті.



Индира БЕРЖАНОВА

Зиялы қауым өкілдері қатысқан жиынның шымылдығын ашып, жүргізіп отырған мемлекет және қоғам қайраткері Дархан Мынбай көзі тірісінде-ақ ерен еңбегі еленіп, халық көсеміне айналған Дінмұхамед Қонаевтың орны бөлек екенін айта келе, мемлекеттік басқару ісіндегі ар мәселесі төңірегінде ой қозғады.



Алып тұлғаның көзін көрген мемлекет және қоғам қайраткері, әдебиеттанушы ғалым, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Мырзатай Жолдасбеков өз естеліктерімен бөлісіп, «өтірік айтпа, уәде берме, берсең орында!» деген Дінмұхамед Қонаевтың өсиетін де айтып өтті.

«Ұлт және қоғам қайраткері Қуаныш Сұлтанов қалың жұртшылыққа бір емес, екі кітабын ұсынып отыр. Бұл жинақтар мазмұндық жағынан да, тақырыптық тұрғысынан да өзара сабақтас. Екеуі де талай азаматтың маңдай тері тоқтамай төгілген мемлекет ісіне арналған. Тек бір-бірінен айырмашылығы – алғашқысы жеке адам туралы болса, екіншісі ел дамуының белестері жөнінде ой тербетеді. «Қазақтың Қонаевы» атты кітаптың авторы өз кейіпкерімен қатар қызмет істеді, тәрбиесін көрді, тәлімін алды. Ол бұл кітабында кейіпкеріне баршаға танымал лауазымды тұлға емес, қалың елде жатқан қарапайым адам ретін-

келген іргелі мемлекеттік тұлға өзі өмір сүрген дәуірдің айнасы» деп, кітаптың шындыққа негізделгенін баса мән беріп, бүгінгі мектеп оқушыларынан бастап барша жасқа дәріптелуі керек екенін атады.

– Кемел тарих – көркем келешектің бастауы. Тарих ұлтты тәрбиелейді. Кейде мемлекетімізде саяси идеология жоқ деген жаңсақ пікірлерді естіп жатамыз. Меніңше, бұл – негізсіз айтылған сөз. Қазақ елі үшін жалғыз идеология бар, ол – тәуелсіздік. Ендеше сол тәуелсіздік тарихының бірден-бір жарышысы – Қуаныш Сұлтанұлының еңбектері осы мақсатта қосқан үлесі деп бағалаймыз, – деді мемлекет және қоғам қайраткері Қырымбек Көшербаев.

Жиын барысында мемлекет және қоғам қайраткері, дипломат Сайлау Батыршаулы мен Қарулы күштердің ардагері, отставкадағы генерал-лейтенант Абай Тасболатов заман ағымы, тәуелсіздік тарихы төңірегінде ой өрбітті.

№39 (4783) 05/04/2025 Сенбі

«Бүгінде Нұра ауданында белсенді құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Қаланың жалпы аумағында 299 құрылыс нысаны жүрде, оның 50%-ы көпқабатты тұрғын үй кешенін құрайды. Ал қалған бөлігі – әлеуметтік нысандар, бизнес-орталықтар және түрлі кәсіпорындар. Негізгі мәселе – құрылыс қалдықтарына байланысты экологиялық жағдай. Космостық түсірілім нәтижесінде былтыр 139 заңсыз құрылыс қалдығының жиналу орны анықталды. Бұл қалдықтардың басым бөлігі – құрылыс алаңдарынан және жаңа пәтерлерін алған тұрғындардан, яғни олар жөндеу жұмыстарын жүргізген соң құрылыс қалдықтарын дұрыс емес жерлерге шығарудан болып отыр. Сонымен қатар, кейбір құрылыс компаниялары қоқыс жәшіктерін орнатпайды. Бұл – аудан экологиясы үшін үлкен мәселе. Қазіргі таңда құрылысшылар мен коммуналдық қызметтермен бірлесіп, осы 139 заңсыз қалдық орындарының 137-сі жойылды. Біз әлі заңсыз қоқыс орындарымен күресті жалғастырамыз. Бұл үшін көшедегі камералар арқылы мониторингті күшейтетін боламыз. Енді құрылыс қалдықтарын заңсыз шығаратын көлік нөмірлері тіркелмек. Жауапкершілік тек жүргізуші немесе көлік иесіне ғана емес, сонымен қатар қалдықтарды шығарған құрылыс компаниясына да жүктеледі. Барлық қатысушылардың конструктивті ынтымақтастығын күтеміз» деді өз сөзінде аудан әкімі.

Содан кейін сөз алған Қоғамдық палата сарапшысы, эколог Айжан Скакова барлық қала, соның ішінде Астанада да заңсыз қоқыс үйінділерінің мәселесі өзекті болып отырғанын айтты. «Көп жағдайда құрылыс қалдықтарымен араласқан топырақ пайдалануға жарамды деп қабылданып, шаруашылық жұмыстарында қолданылуда. Нәти-



ҚҰРЫЛЫС ҚАЛДЫҒЫ ҚАЛАЙ ШЫҒАРЫЛАДЫ?

Бейсенбі күні Нұра ауданы әкімдігінде қала экологиясын жақсарту тақырыбына арналған дөңгелек үстел өткен болатын. Жиынға қаладағы 15 ірі құрылыс компаниясының өкілдері, сондай-ақ тиісті салалық басқармалар, «Астана жастары» еріктілері мен эко-белсенділер қатысты. Аталған жиынды Нұра ауданының әкімі Ришат Тұрдыбеков ашып, ҚР Мәжілісінің Қоғамдық палатасының сарапшысы Айжан Скакова сөз сөйледі.

жесінде ол қоршаған орта мен тұрғындардың денсаулығына зиян келтіреді. Құрылыс аяқталғаннан онда түрлі зиянды заттар қалады. Олар тек жер асты суларына емес, сондай-ақ айналадағы аумаққа да тарайды. Өкінішке қарай, тұрғындар мұның қаншалықты қауіпті екенін түсінбейді. Бұл мәселе Астана үшін өте өзекті. Біз осы бойынша белсенділермен бірге мониторинг жүргіздік. 2022 жылы тексеру жүргізген едік, өкінішке қарай, биыл да жағдай өзгермеді. Жақында жүргізілген тексеру тағы да мәселенің шешілмегенін көрсетіп отыр. Яғни заңнамалық нормалар болға-

нымен, олардың қаншалықты тиімді қолданылып жатқаны және жергілікті атқарушы органдар экологиялық мәселелерді өздерінің стратегиялық қызметтерінде қаншалықты ескеретіндігі түсінікті болып тұр. Бүгінде ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев бұл мәселелерді басты назарда ұстап, бүкіл елде қалдықтарды шешу бойынша белсенді жұмыс басталды. Осыған байланысты барлық мүдделі тараптардың пікірлерін тыңдау өте маңызды. Сол арқылы заңнамалық базаға тиісті өзгерістер енгізуге болады. Қазіргі уақытта жаңа ережелер әзірленуде және олардың Астана



қаласы бойынша да қабылдануы аталған мәселелерді тиімді реттеуге мүмкіндік береді» деп атап өтті ол.

Жиын барысында «Ғарыш сапары» ҰҚ» АҚ өкілі өз презентациясында спутниктік мониторинг процесі мен қоршаған ортаның жағдайын бақылау порталдарының жұмысын таныстырды. Оның айтуынша, космостық мониторингтің нәтижесінде 2024 жылы Нұра ауданында заңсыз қоқыс орындарының 140-қа жуық белгісі анықталған. Ал 2023 жылы 123 заңсыз қоқыс орны табылыпты.

Талқылау барысында тыңдау-

шылар қаладағы экологиялық жағдайды жақсарту, мониторинг және бақылаудың заманауи технологияларын енгізу жөнінде ұсыныс айтты. Сондай-ақ «Астана жастары» волонтерлері қаладағы экологиялық мәселелер және осыған қатысты жастарды көптеп тарту тақырыбын көтерді.

«Өз басым қалада қалдықтарды жиі байқап қаламын. Мысалы, көптеген тұрғындар қоқысты контейнерлерге тастауға ерінетіндіктен, қалдықтардың 70%-ы қоқыс жәшіктеріне кетіп, ал қалған 30%-ы қала маңына шашылып жатады. Сонымен қатар, адамдар әртүрлі заттарды ұқыпсыз тастайды. Тағы бір мәселе – қаланы тазалау. Кейде қоқыс уақытында шығарылмайды, әсіресе көктемде қар еріп, қалдықтар ашылып қалады. Осының салдарынан жағымсыз иіс пайда болып, қала көркін бұзуда. Бүгінде волонтерлік қозғалыс жастар арасында танымал бола бастады, біз де осы сапта жүрміз. Жақында макулатура жинау бойынша қайырымдылық акциясын өткізуді шештік. Біз елордадағы №60 орта мектеп-лицейі өткізген шарадан үлгі алдық. Ондағы

оқушылар рекордтық мөлшерде қайта өңделетін қалдықтар жинаған. Олар өз бастамаларын әлеуметтік желілерде кеңінен жариялап, бұл қала тұрғындарында үлкен резонанс тудырды. Біз де осындай акция өткізуді жоспарладық, ал жиналған қаражатты балалар үйіне сыйлықтар сатып алуға жұмсауды көздеп отырмыз. Бірақ ауа райының өзгеруіне байланысты жоспарымыз кейінге қалдырылды. Бірақ бұдан бас тартпаймыз, алдағы уақытта бұл бастаманы жүзеге асырамыз» дейді №15 мектеп-лицейдің оқушылар президенті Қайрат Құлжохажымет.

Аталған жиын Астана қаласы экологиясының жүйелі тұрғыдан қарауды және барлық тараптардың, яғни құрылыс компанияларынан бастап мемлекеттік органдарға, еріктілер мен қала тұрғындарына дейін белсенді қатысу қажет ететінін көрсетіп отыр. Дұрысы, заңсыз қоқыс орындарын бақылау, заманауи технологиялар енгізу және халық арасында экологиялық мәдениетті дамыту – жағдайды жақсартуға және қалада таза әрі қолайлы орта қалыптастыруға көмектеспек.

АУҚЫМДЫ ТАЗАЛЫҚ БАСТАЛДЫ

Жекелей айтсақ, Байқоңыр ауданында санитарлық тазалау жұмысы жүргізілуде. Көпірлер, қоршаулар, аялдамалар, жаяу жүргіншілер жолы, жол жиектері мен белгілері күн сайын жуылады. Тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ағаштарды санитарлық кесу жұмыстары да басталған. Сондай-ақ көгалдандыру алаңдарын дайындау, жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде. Оның ішінде көпірлер мен қоршауларды, балалар ойын алаңдарын сырлау, қоқыс жәшіктері мен контейнерлерді жөндеу, т. б. бар. Аудан бойынша санитарлық тазалау жұмысына 123 арнайы техника мен 470 жол қызметкері жұмылдырылған.

Мұндай жұмыстар Алматы ауданында да жүргізілуде. Ағаштарды балақтау, аялдамаларды санитарлық тазалауға ерекше көңіл бөлінуде. Ауқымды жұмыстар қалалық жайлы органы құруға бағытталған. Жұмысқа 145 арнайы техника мен 320 жол жұмысшысы қатысуда.

Нұра ауданында тазалауға 140-тан астам арнайы техника мен 400-ден астам жол қызметкері жұмылдырылған. Жол инфрақұрылымының негізгі бөліктері – аялдамалар, жол белгілері, бағдаршамдар, көпірлер, тротуарлар, қоршаулар тазартылған. Көгалдандыру ретке келтіріліп, ағаштарды балақтау жұмысы жүргізіліп жатыр.

Сарайшық ауданында да жаяу жүргіншілер жолы жуылып, ағаштардың жоғары жағы кесіліп, маңайы тазартылып қана қоймай, жасыл желектерді отырғызу үшін орындар дайындалуда.

Көктем мезгілінің келуімен елорданың коммуналдық қызметтері қаланы ауқымды санитарлық тазалауды бастады. Осылайша қоршаулар, аялдамалар, жарықтандыру бағаналары, жол белгілері, жолдар, тротуарлар және басқа да нысандар тазартылмақ.

Ауданда күн сайын санитарлық тазалауға 130 арнайы техника мен 350 жол жұмысшысы еңбек етуде.

Сонымен қатар, Есіл ауданында жаяу жүргіншілер жолын тазалау және жуу жұмыстары жалғасуда. Ауданда жалпы ұзындығы 159 мың метрді құрайтын 140-тан астам көше бар. Жаяу жүргіншілер жолының ауданы 1,3 миллион шаршы метрден асады, ол орындарда күн сайын тазалау жұмысы жүргізіліп жатыр.

Сарыарқа ауданында санитарлық тазалау жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Өнеркәсіптік суды пайдаланып, жолдарды, тротуарларды, көпірлерді, қоршауларды, аялдамаларды жуу жалғасуда. Жарықтандыру тіректері мен көше жиһаздары да жуылады. Сондай-ақ ауданда субұрқақ құрылыстарын тазарту жұмыстары да басталған.

Жалпы бүгінде елорданың барлық алты ауданында санитарлық тазалау жұмыстары жүргізілуде. Арнайы техниканың көмегімен тротуарлар мен жол жабындарын механикаландырылған тазалау жұмыстары қарқынды. Көгалдандыру қызметкерлері күн сайын көгал алаңдарын қоқыстан тазартуға жұмылдырылады. Қолмен және техниканың көмегімен жол жиегі тазаланады. Сондай-ақ коммуналдық күштер еріген қалдық суды сору жұмысын да жүргізуде.



Бетті дайындаған Ержан ҚОЖАС

Индира
БЕРЖАНОВА

БАЛА КӨП, ОРЫН ТАПШЫ

Бүгінде республикада жалпы саны 11,6 мың мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді. Онда 1 миллионға жуық бала тәрбие алып, оқиды. Еліміз бойынша қазір кезекте тұрған 2-6 жас аралығындағы бүлдіршіндердің 93 пайызы орынмен қамтылған. Қалған 7 пайызын шамамен 70-80 мың бала құрайды. Бәрі де бөбекжай табалдырығын аттайтын күнді төлме күтіп отыр. Осы мақсатта балаларды 100 пайыз балабақшамен қамтамасыз ету межесін орындау үшін ваучерлік қаржыландыру тиімді саналып, енгізілді. Оқу-ағарту министрлігінің мәліметіне сәйкес, жоба өз нәтижесін көрсетіп, 2025 жылы 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі біліммен қамту 95%-ға жеткізілмек.

«Ваучерлік қаржыландыру жүйесі іске қосылған сәттен бастап ата-аналарға 99 мың ваучер берілді, бұл олар үшін балабақшаны өз бетінше таңдау мүмкіндігі дегенді білдіреді. Мемлекеттік қаражаттың белгілі бір ұйымға емес, нақты балаға бағытталып жұмсалыуы – қаржыландыру механизмін жариялы етеді. Жүйе Тараз, Түркістан, Шымкент, Орал, Астана, Семей, Өскемен, Жезқазған, Қарағанды қалаларында енгізілуде. Өңірлердің дайындығына қарай бағдарлама кеңейтілетін болады» дейді Оқу-ағарту министрлігінің Мектепке дейінгі білім департаментінің директоры Манара Адамова.

Жаңа жүйе бойынша балабақшаға кезекке тұруда жолдаманың орнына ваучер беріледі. Осыған дейін жауапты мекеме қаржыны балабақшаға беріп, онда кезегі келген балаларды жіберіп отырса, енді бала басына ақша беріледі, ата-ана осы қаржымен қай балабақшаға барса да өзі біледі. Елімізде бір бала үшін жан басына шаққандағы қаржыландыру көлемі – 58 мың теңге. Бұл төлем баланың баратын бөбекжай шығынына жұмсалыады. Яғни, балабақшадағы әр балаға мемлекеттен қаралатын қаржы баланың балабақша порталындағы шотына түсіп отырады. Балаларды кезекке қойып, жолдама беруде жергілікті әкімдіктер ақпараттық жүйелерді өздері таңдайды. Мысалы, астаналықтар бірнеше жылдан бері «Indigo» электронды порталы арқылы тіркеліп жүр. Бірақ жүйе енгізілген сәттен бастап, ата-аналарға ваучер туралы нақты түсінік берілмеген. Мұны растаған елордалық тұрғын Айнаш Кенжебаева былтырдан бері мемлекеттік балабақшаға орын ала алмай отырғанын айтады.

– 2023 жылы бір жасар қызымды балабақша кезегіне қойып, келесі жылы біртіндеп бейімдей бастадым. Үйімізге жақын орналасқан жекеменшік балабақшаға айына 80 мың теңге төлеп апарамын. Ал 2025 жылдың басында мемлекеттен 55 мың теңгелік дотация алуға үміттеніп, «Indigo» жүйесі арқылы ваучер рәсімдеуді ойладым. Бұл дотациямен төлем азаяр еді. Алайда жаңадан енгізілген ваучерлік жүйе ата-аналар үшін түсініксіз болып отыр. Себебі бұрын қай балабақшаға



БАЛАБАҚША КЕЗЕГІ ҚАЙТСЕ РЕТТЕЛЕДІ?

Былтырдан бастап еліміз бойынша балабақшаға кезекке тұру тәртібі өзгеріп, ваучерлік қаржыландыру жобасы қолға алынды. Биыл Астананың да мектепке дейінгі білім беру ұйымдары аталмыш жобаға көшті. Бұл бастама аясында балабақшаға орынды енді Білім басқармалары емес, ата-аналардың өздері таңдай алатын болады. Жүйе ата-аналарға балалары үшін ең жақсы балабақшаны таңдауға және нарықта балабақшалардың сапасын арттыруға мүмкіндік береді деседі. Дегенмен, педагогтар мен ата-аналар тарапынан ваучердің тиімділігіне қатысты сұрақ көп. Жоба балаларды бөбекжайлардағы орынмен толықтай қамтамасыз ете ала ма?

кезекте тұрғанын нақты көрініп тұратын. Енді тек «ваучер кезегінде» деген жазу бар. Қайдан, қалай алатынымыз белгісіз. Техникалық қолдау бөлімі де нақты жауап бермейді, тек «күтіңіз» дейді. «Indigo» жүйесіндегі жеке кабинетінде бұрын таңдалған төрт балабақшаның ізі де жоқ. Енді тек 10 мыңыншы кезекте тұрғанымыз ғана көрсетіледі. Қайта қарау шілде айында ғана болатыны жазылған. Оның үстіне ваучер тек екі жұмыс күніне жарамды екен. Егер сол күндері интернет өшіп тұрса, телефонда хабарлама шықпаса, ваучер күйіп кетеді. Қайтадан кезекке тұру керек болады, – дейді қала тұрғыны.

ВАУЧЕРЛІК ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ДЕГЕН НЕ?

Жүйеге қаңтар айынан бастап қосылған Астана қаласында бүгінде 648 мектепке дейінгі ұйым бар. Оның 99-ы – мемлекеттік, 546-сы – жекеменшік, 3-еуі – ведомстволық, 40 мың бала балабақша кезегінде тұр. Қалалық Білім басқармасына ақпаратына сәйкес, жыл басынан бері 6 703 ваучер бөлінді. Қазіргі таңда 5 211 бала ваучер арқылы балабақшаға орналасты, 1 400 бала балабақша таңдау үстінде. Елордалық Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев ваучерлік қаржыландыру жүйесінің бірқатар



тиімді тұсын атап, жоба өз нәтижесін көрсетіп отырғанын атады.

– Біріншіден, ваучер алған ата-аналар тізімге енгізілген кез келген балабақшаға орын алады. Бұл ата-аналарға таңдау еркіндігін береді және балабақшаларға келушілерді тарту және ұстап тұру бойынша қызмет көрсету сапасын жақсартуға ынталандырады. Нәтижесінде біз «әділдік» қағидасына

қол жеткіземіз. Екіншіден, ең маңызды өзгеріс – балабақшалардың жұмысын бағалаудың қайта ойластырылған тәсілі. Ата-аналар білім беру қызметінің сапасын тікелей бағалайтын болады. Бұл субъективтілікті жойып, қызмет көрсетудің жалпы деңгейін арттырады. Сонымен қатар жоба сапаны айтарлықтай жақсартатын нарықтың жаңа құрылтайшыларына

есік ашады. Үшіншіден, жергілікті атқарушы органдардың әрбір балабақшаға мемлекеттік тапсырыс көлемін бекіту функционалдығы жойылады және ваучерлік қаржыландыруға толығымен көшу жүзеге асырылады, яғни енді қаражат балаға беріледі. Егер бала басқа балабақшаны таңдап, ауысқан жағдайда, ваучер сол баламен басқа балабақшаға ауысады. Осылайша, «ашықтық» принципіне қол жеткізіледі, – деді басқарма басшысы.

ЖҮЙЕДЕ ШИКІЛІК ЖЕТЕДІ

Яғни, ваучерлік қаржыландырудың негізгі үш қағидаты бар. Бала балабақшаға орын үшін кезекке тұрса, қазір ваучерге кезекке тұрады. Бұған дейін балабақшаны Білім басқармасы анықтаса, қазір балабақшаны ата-ана таңдайды. Мемлекеттік тапсырыс балабақшаға бекітілсе, қазір ваучер баланың соңынан ереді.

Өз кезегінде жекеменшік балабақшалардың құрылтайшылары жүйенің шикілігінен кәсіпкерлердің жұмысы баяулап, қызметкерлердің жұмыссыз қалып отырғанына алаңдап отыр. Осы тұста қазақстандық үздіксіз білім беру қауымдастығының төрағасы Лейла Куленова ваучерлік қаржыландыру жобасы енгізілгені жүйелі қадамдар жасалмағанын айтады.

– Ваучерлік қаржыландырудың қазіргі жағдайына бақылау жүргізу қажет. Қысқаша айтқанда, қазіргі жағдай қанағаттанарлықсыз. Бұған дейін мемлекет қабылдаған шешімдерді сирек қолдайтын едім, бірақ ваучерлік қаржыландыруды пилоттық режимде енгізу басталғанда, алғаш рет қарсылық білдірмедім. Бұл жүйенің тиімділігіне сенгім келді.

Жүйені енгізу барысында үш негізгі фактор басымдыққа алынды: әдістеме, техникалық орындау және бюджет. Алғашқы екі мәселе бойынша белгілі бір жетістіктерге жеттік, біздің үнімізге құлақ түрді, кейбір өзгерістер енгізілді. Бірақ қаржының жеткіліксіз екені анықталды. 2024 жылдың соңында бұл жүйе енді енгізіле бастаған кезде кезек ескі және маңыздылығын жоғалтқан өтінімдерден тазаланады деп күттік, жылдың соңында қосымша қаржы бөлу қиын екенін түсіндік. 2025 жылы Шымкентке 5000 орынға, ал Астанаға 10 000 орынға қаржы бөлінеді деп уәде етілді. Бірақ қаржы әлі дұрыс бөлінген жоқ. Көптеген балабақша бос тұр, кезек баяу жылжуда, балабақшалар қаржылық қиындықтарға тап болып жатыр.

Жаңа әдістеме тек кезектілік принципіне негізделген. Бұрын жергілікті биліктің баяу жұмысын икемді әдістеменің көмегімен реттеуге болатын еді, қазір ол мүмкін емес. Ескі жүйенің тиімділігін енді ғана түсіндік.

Ваучерлік жүйе – жақсы құрал. Біз оны толық қолдаймыз, бірақ оны тиімді ету үшін жедел шешімдер қажет, – деді қауымдастық төрағасы.

Спикер ваучерлік қаржыландыруда ақша сомасы әрбір балаға жеке есептелетіндіктен, бұл тұрғыда жүйені барынша айқын, егжей-тегжейлі ету керек екенін алға тартады. Әрбір бала үшін қандай балабақшаның қанша қаржы алғанын жеке көрсеткен жөн. Бұл талап мемлекеттік стандарт деңгейінде бекітілуі керек.

АДАМ КӨРКІ – ЕҢБЕК

ЖҮМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ

«Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында елордалық оқушыларға еңбек адамының абырой-беделін үлгі ету, еңбекқор және нағыз маман болу идеясын жеткізу кең сипат алып келеді.

Жас ұрпақтың ой-санасына тәжірибелі мұғалімдер «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының мән-маңызын жеткізіп, «Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында жұмысшы мамандардың қоғамдағы беделін арттыруға ықпалдасып, «Адал азамат» идеясын жан-жақты түсіндіріп келеді. Бурабай төрінде өткен Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында Президентіміз отаншыл, білімді, жасампаз ұрпақ тәрбиелеу керек екенін тағы бір еске салды. Демек

бұл бағыттағы жұмысымызды үздіксіз жалғастыра береміз. Жеткіншектердің бойында шығармашылық қабілетті дамыту, әлеуметпен бірге жұмыс істеуге дағдыландыру, тұлға бойда жасырынатын жатқан өнерді шыңдау – көркем еңбек пәнінің міндеті. Сол себепті сабақ барысында сурет салу, декор жасау және безендіру, ереже жазумен шектеліп қалмай, ұл балаларға келешекте тұрмыста қажетіне жарар ағаш өңдеу өнерін, темірмен (металл) жұмыс істеу негіздерін

үйретеміз. Оқу жылының басында материалдық-техникалық базамыз заман талабына сай келетін лазер станогымен толықты. Осылайша, техникалық қауіпсіздік ережесін сақтай отырып, ағаш, фанера, ПВХ материалы, органикалық шыныдан түрлі бұйымдар жасап жүрміз. Мысалы, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының негізінде 5-сыныптың оқушылары ою-өрнек ояса, 6-сыныптар қазақтың зергерлік бұйымдары



– сырға, білезік, сақина жасап жүр. Ал 7-8-сыныптың ұлдары сәл күрделі заттар жасауға машықтанып қалды: бесік, себет тоқу, астаналық ғимараттардың макеті және т.б.

Кәсіби маман даярлауды

бүгіннен бастау, анығын айтқанда, мектеп қабырғасында қолға алу анағұрлым тиімдірек. Бұлай дейтін себебіміз, жиналыстарда ата-аналар тарапынан айтылған ұсыныстарға құлақ асып, был-

тыр іске қосылған жобаның биыл сәтімен жүзеге асқанын атап өткен жөн. Астана қаласы әкімдігінің Техникалық колледжімен жасалған меморандум шеңберінде 10-11-сыныптың ер-жігіттері «дәнекерлеу ісі» мамандығын игерді. Куәлік алып үлгерген бірінші лектің оқушылары өскенде білікті мамандар қатарын толықтыруға әзір. Міне, білім мен білік дәуір құрған ХХІ ғасырда заманауи инновациялық технологиялар мен тенденциялар, адал еңбек ел көшін алға сүйрейтін қуатты күшке айналғаны да сондықтан.

Ақжан АМАНТАЙҰЛЫ,
Астана қаласы
Әлкей Марғұлан
атындағы №40 мектеп-
лицей мұғалімі

Бұл кісі туралы ресми дерек не дейді? 2019 жылы жарық көрген «Жезқазған» энциклопедиясында ақсақалдың 1902 жылы Ұлытау жеріндегі Білеуіт өзені бойында дүниеге келіп, 1984 жылы өмірден өткені көрсетілген. Мұхамедия бала кезінде атасы Ұайыстан, әкесі Байменнен және әкесінің інісі Әубәкір қажыдан діни сауатын ашқан. Тіпті, оның араб оқуына ден қоюына анасы Достәуірқызы Рахияның да әсері тигенге ұқсайды. Өйткені бұл кісі де араб тіліне өте жүйрік болған екен.

М.Байменов 13-14 жасқа келгенде алғашында Жаңақорғандағы «Ақтас» мешітінде, кейін сол тұстағы дін оқуының ең ірі ордасы болған «Қарнак» медресесінде оқыған. Араарасында Бұхарадағы атақты «Көкелташ» медресесіне де барып, дәріс тыңдаған көрінеді. Ол «Қарнақты» үздік бітіріп шығады. Бірақ бұл кезде қазақ даласында «Қожа мен молданы қойдай қу қамшымен» деген ұран дүрілдеп, дінге шабуыл басталып та кеткен еді. Өзінің туып-өскен Білеуіт жеріне қайтып орала алмаған ол сауаттылығының арқасында ауылдық кеңестің хатшысы болып орналасады. 1929-1930 жылдары тәркілеудің екінші толқыны келіп, орта шаруалардың мал-мүлкіне тиісе бастағанда, табиғатынан адалдықты, әділдікті жақтайтын Мұхамедия «отбасының қажетін өтеуге тиісті мал басын қалдырайық» деген ұстанымы үшін «халық жауы» атанып, 58-баптың 10-бөлігімен сотталады. Дес бергенде, күзеттің әлсіздігін пайдаланып, қашып шығып, Арқаға жетеді.

Бұдан соңғы оның өмірі Жезді, Ұлытау, Қарсақбай өңірінде жалғасын тауып, мемлекеттік орындарда жауапты қызметтер атқарады. 1937-1941 жылдары Жезді ауданы төлқұжат столының бастығы, 1941-1944 жылдары Ұлытау ауданы қаржы бөлімінің бастығы, 1944-1949 жылдары сол ауданда тұтынушылар қоғамының төрағасы болады. 1950 жылы Қарсақбай теміржол станциясына жұмысқа тұрып, сол жерден еңбек демалысына шығады.

1949 жылы аудандық тұтынушылар қоғамының төрағасы болып жүргенде аудан басшыларын сынағаны үшін М.Байменов екінші мәрте қуғынға түседі. Оның үстінен жала арыз түсіріліп, тексеріледі. Ол бір жыл бойы тергеу орындарына жауап береді, партиядан шығарылады. Қудалаудың қалай ұйымдастырылғаны, кім себепкер болғаны арада 30 жыл өткенде су бетіне қалқып шығады. Өйткені арыз жазған адамның өзі Мұхамедия қожаға: «Кезінде сізге тиісті органдардың тапсырмасымен қиянат жасап едім, сол ісіме кешірім сұраймын. Қазір хал үстіндемін. Егер олай-бұлай болып кетсем, жаназамды өзіңіз шығарыңызшы» деген өткеннің өкісігіне толы өтініш хатын жазып, баласынан беріп жібереді. Мұхамедия ақсақал хатты әкелген азаматқа «Әкеңе сәлем айта бар, мен оны осыдан 30 жыл бұрын-ақ кешіріп қойғанмын. Егер денім сау тұрса, ақырғы өтінішін де орындаймын» дейді. Сөйтіп, кейін әлгі кісі дүниеден өткенде жаназасын шығарады.

Қарсақбайға келген соң, елдің ақсақал-қарасақалдары жиылып, «Мұхамедия, сен оқуың бар адамсың. Білімің де, білігің де жетеді. Білгеніңді халқыңа жұмса» дейді. Шынында да, оның білімі өте терең болған. Қазіргідей емес, ертеректе дін оқуын тауысқандардың деңгейін анықтау үшін оқыған кітаптарына қарап бағалайтын болған. Мұхамедия ақсақал бәйбішесі Хадиша ана-



Мешіт осы үйде ашылған

КЕҢЕС ДӘУІРІНДЕ МЕШІТ АШҚАН

Көзін тырнап ашқаннан-ақ дін атаулыға теріс қарап, «Құдайсыздар қоғамы» құрған кеңес заманы күйрегі де 40 жылға тақады. Қазақтың тіліне, дініне, діліне кеңестер билік құрған 70 жылда орасан зор соққы жасалғанын ешкім жоққа шығара алмайды. Дегенмен тар қыспақ, тар құрсау кезеңнің өзінде ата дін үшін күресіп, партияның қылышынан қан тамып тұрған шағында мешіт ашуға қол жеткізген Мұхамедия Байменов ақсақал туралы Ұлытау – Жезқазған жұртшылығы қазірде аса бір жылылықпен, зор сүйіспеншілікпен әңгімелейді.

мен бірге 6 ұл, 3 қыз тәрбиелеп өсірген. Солардың бірі – белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, танымал саясаткер Әлихан Байменов.

– Көкем жастау шағында араб тілін білетінін жасырып жүрген. Өйткені кеңес өкіметі арабша білгендерді де қырына алатын болған ғой. Ал негізі қазақ, орыс тілдерінен бөлек, араб, парсы, шағатай тілдерін жетік білген. Үйімізде осы тілдерде жарыққа шыққан әртүрлі кітаптар көп болатын. Мысалы, Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың «Диуани хикметі» шағатай тілінде болса, Фирдоусидің «Шахнамесі» парсы тілінде еді. «Бұл тілдерді қалай үйреніп жүрсіз?» деп сұрағанда «Медреседе оқығанда біз Құран, шариғат, математика, астрономия, географияны араб тілінде оқысақ, Қожа Ахмет Ясауи ілімдерін, сопылықтың негіздерін шағатай тілінде үйрендік, ал парсы тілінен әдебиетті оқитын едік» дейтін.

1984 жылы Мәскеуде аспирантурада оқып жүргенімде араб, парсы тілдерінде шыққан газет-журналдарды алып келдім. Көкеме оқытып, аудармасын жасаттым. Сол аудармаларды Мәскеудегі аспирантурадағы әріптестеріме көрсеткенімде олар «Осыдан 50-60 жыл бұрын оқыған тілдерді сондай тілдік ортада жұрмесе де қалай ұмытпаған?» деп таң қалды.

Көкем дүниеден көшкен соң, кітаптарын әр баласы тұмар ретінде бір-біреуден өзімізге алдық та, қалғандарын «елдің, халықтың игілігіне жаратсын» деп имамдарға бердік. Бір кітабын өзім мүфтиятқа апарып бердім. Алматыдағы Ұлттық кітапханаға «Жан-жануарлар энциклопедиясы» деп аталатын кітабын тапсырдым. Әбілқасым Фирдоусидің XIX ғасырда парсы тілінде жарық көрген «Шахнаме» кітабы Жезқазған тарихи-археологиялық музейінде сақтаулы тұр.

Өкінішке қарай, көкемнің айтуынша, латын қарпіне көшетін тұста араб қарпімен шыққан дүниелерді құрту науқаны жүргізілген. «Өзен бойына 4 сандық кітапты апарып көмуге мәжбүр болдық» дейтін еді. Сол жылдары қазақ даласында мыңдаған кітап



Жезқазған тарихи-археология музейінде тұрған Фирдоусидің парсы тілінде жарық көрген «Шахнаме» кітабы



«Жезқазғандағы мешіт ашуға 5 жылдан астам ғұмырын арнады. Арыз-өтініштерін кем дегенде 30-40 рет қайта көшіріп жазды. Мұны білетінім, көкем арызды, өтінішті «сенің жазуың көркем көрінеді» деп Зинура әпкеме жаздыратын» деп еске алады Әлихан Мұхамедияұлы

жерге көміліп тасталған ғой.

Жезқазғандағы мешіт ашуға 5 жылдан астам ғұмырын арнады. Арыз-өтініштерін кем дегенде 30-40 рет қайта көшіріп жазды. Мұны білетінім, көкем арызды, өтінішті «сенің жазуың көркем көрінеді» деп Зинура әпкеме жаздыратын, – деп еске алады Әлихан Мұхамедияұлы. Өлекеңнің сөзін қазір Жезқазған қаласында тұратын, бұрынғы партия, кеңес қызметкері, қазіргі Ұлытау облысы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сағындық аға Қожамсейітов одан әрі тірілте түседі.

– Жаңылыспасам, 70-жылдардың аяқ кезі болатын. Партияның қызметінде жүрген шағымыз. Мұхамедия ақсақал келіп, мешіт ашу туралы арыз-ұсынғанда төбемізден жай түскендей болды. Шыны керек, сасқалақтап қалдық. Өйткені жазырыдан түскен «бұрыннан



Мұхамедия ақсақал

жұмыс істеп тұрған діни мекемелер болса, жұмысын жалғастыра берсін, бірақ жаңасын ашуға ешқандай да рұқсат берілмесін» деген нұсқау бар еді. Енді қайткі? Ақсақалды да білеміз, өзіміздің сыйлайтын ағамыз. «Жауабын береміз» дедік те, қағазын алып қалдық. Содан екі арадағы «ойын» басталды да кетті. Әр келген сайын қағаздан жоқ болса да бір кінәрат табамыз. Өйткені міндетіміз сондай, яғни кеңестің келтіру, мешіт ашуға жол бермеу. Сосын «Өтініш дұрыс жазылмапты», «Әріп қатесі бар екен, түзеп әкеліңіз» деген түрлі сылтау айтамыз. Тіпті, кейде жазылған өтінішті оқып отырған болып, «байқамай» бір жерін сызып жібереміз де, «үйбай-ай, мына бір тұсы бүлініп кетті-ау, қайтадан жазып әкелесі бе?» дейміз. Не керек, іздегенде сылтау да табыла кетеді екен. Бар шаруаның кілті Мәскеуде болатын кез ғой, ақыры олар да шаршаған болу керек, 1983-тің бас кезінде Мәскеудің «рұқсат» деген қағазы келді. Сөйтіп, 1983 жылғы 6 мамырда Жезқазған мешіт ашылды. Бұл сол кездегі Жезқазған облысындағы тұңғыш және жалғыз мешіт болатын. Мұхамедия қожа діни бірлестіктердің жиналысында тұңғыш ашылған Жезқазған мешітінің алғашқы имамы болып сайланды, – дейді Сағындық Үсенұлы.

Екінші бірі мешіт салуға ұмтылып, құлшынып тұратын қазіргідей кез емес, «Мешіт ашылсын» деген рұқсат келіп, көңілді қуантқанмен, Жезқазғанда жамағат жиналатын орын да жоқ еді. Сәтін салайын десе қиын ба, сол кезде Дайрабай Есенбаев деген кісінің жекеменшік үйі бос тұр екен. Дайрабайдың әкесі Есенбай тірісінде Мұхамедия ақсақалмен дос-жаран болып, сыйласып өткен кісі болса керек. Өйткені Есенбай да дін жолын ұстанған тақуа кісі болған көрінеді. «Көктен іздегені жерден табылып» дегендей, мешіт ашылып жатқанда Дайрабайдың қолынан келетін көмегінен іркіліп қалмайды. Дайрабай жекеменшік үйін мешітке айналдыру үшін арзандау бағаға береді.

– Мұхамедия қожа менің тұп нағашым болатын. Ауылдан көшіп келген соң асарлатып салған үйіміз болды. Кейін көпқабатты үйлердің бірінен пәтер алдық та, сонда көштік. Үйіміз бос тұрды. Бірде қожекең бізге келіп, «Сол үйді мешітке айналдырайық, арзандау бағасына келісейік» деген ұсыныс

айтты. Отағасым қарсы болмады, тіпті, қуана келісті десе де болады, – дейді Жезқазған қаласының құрметті азаматы, зейнеткер-педагог Ұлтай Ахметова апай.

Бес жылдан аса табанынан тозып жүріп ашқан мешітінде бір жарым жылдай ғана имам болған Мұхамедия ақсақал 1984 жылы 11 желтоқсанда дүниесалады.

Бұдан соң имамдар бірінен соң бірі ауысып, тұрақсыздық орын алып, мешіттің шаруасы жөнді жүре қоймайды. Тек 1988 жылы Жақия қажы Исмаилов келген соң ғана мешіттің жұмысы дұрыс жолға қойылды. Бұған оның Жезқазған облысының имамы болып 15 жыл қызмет атқарғаны дәлел.

– Жезқазғанға келе салысымен Мұхамедия қожаның шаңырағына барып, сәлем бердім, рухына дұға бағыштадым. Қожекеннің бәйбішесі Хадиша анамыздың бар кезі ғой, ол кісі маған отағасыдан қалған көптеген діни кітаптарды көрсетті. Сол кітаптарына қарап-ақ қожекеннің терең білім иесі екенін танығандай болдым. Облыста Мұхамедия қожа ашқан мешіттен басқа бірде-бір мешіт жоқ еді. Сол облыстық мешіт болып саналды. Кейін аудан, қалаларды аралап, ауылдарға шейін барып бірте-бірте мешіттер аша бастадық. Ұлытау облысында қазір 30 мешіт бар екен. Соның бірі Мұхамедия ақсақалдың ашып кеткен мешітінің жалғасы деп бағалауымыз керек, – деген Жақия қажы кеңестік кезеңде, партияның от бүркіп тұрған уақытында дін жолында қайсар мінез көрсете білген Мұхамедия ақсақал Байменовтің есімі қандай болсын құрметке әбден лайық деген пікірін де іркіп қалмады.

Осы мақаланы жазу барысында архивтен қанша қарастырып көрсек те, тіпті, сол жылғы газеттердің беттерінен де «мешіт ашылды» деген ақпарат байқалмады. Тек 1993 жылы жарық көрген «Жезқазған мешіттері» деген анықтамалыққа ғана «Мұхамедия Байменұлы – алғашқы имам» деген шағын мақала бар екен. Мен осыны айтқанымда, Жақия қажы Исмаилов «Бұған ешқандай таңданып керегі жоқ» деді.

– Өйткені уақыттың талабы сондай болды. Мұхамедия қожа мешіт ашқан 1983 жылы КСРО-ны кешегі «КГБшник» Андропов басқарып тұрды емес пе? Қайта сол заманда мешіт ашуға қалайша рұқсат бергеніне таным бар. Шамамыз, Мәскеу ақсақалдың дегеніне жетпей қоймайтынын түсінген секілді. «Қайта құру» тұсында дінге көзқарас онала бастаған секілді болған. Бірақ кейін білсем, 1986 жылы СОКП Орталық Комитеті «Исламның ықпалымен күресті күшейту туралы» дейтін құпия қаулы қабылдаған екен. 1988-1989 жылдары жергілікті облыстық газетке ақшасын төлесек те, мешіттің есепшоты көрсетілген хабарландыруды «Мемлекеттік құпия» қызметі жариялауға рұқсат бермей қойған еді. Міне, осыдан-ақ кешегі күндері дінге, исламға деген көзқарас қандай болғанын біле беріңіз! Мұның бәрі бүгінде өткеннің еншісіндегі тарих деп, өткен мен бүгінді салыстыра келіп, дінімізге де, ділімізге де шынайы еркіндік алып келген тәуелсіздікке ештеңе де жетпейді, – деген ойын білдірді.

Кеңес уақытында дін жолын ұстанғандарға қыспақтың неше түрі жасалғаны белгілі. Тек билік тарапынан ғана емес, ағайын-туыстың арасындағы көреалмаушылықтың да салқыны аз тимеген еді. Мұндай қыспаққа ердің ері ғана шыдас берсе керек-ті. Соның бір мысалы Мұхамедия Байменов ақсақал көрсетіп кеткен екен-ау.

Абдолла ДАСТАНОВ



М. Байменов отбасымен бірге. 1964 жыл

АЛДЫН АЛУ КҮШЕЙІП, ҚЫЛМЫС КЕМІДІ

Мемлекет басшысы Заң мен Тәртіп қағидатын жүзеге асыру маңыздылығын бірнеше рет атап өтті. Бұл қағида – әділетті Қазақстанның негізгі тірегі. Осы ретте халықтың сенімінен шығу – ішкі істер органдарының басты мақсаты. Бұл мақсатқа жету үшін тұрғындармен кездесу өтіп, қоғамды алаңдатқан өзекті мәселелер талқыланады.

Өткен жыл полиция қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттыруға және олардың жұмыс тиімділігін көтеруге көп күш жұмсалды. Маңызды шаралардың бірі – орта буын басшыларын кезектен тыс аттестациядан өткізу болды. Астана қалалық полиция департаментінің бастығы Марат Тулебаевтың айтуынша, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған заң бастамаларын күшейту, заманауи цифрлық шешімдерді белсенді қолдану, сонымен қатар кадр әлеуетін арттыру қылмыстың алдын алуға маңызды рөл атқарды.

– Былтыр қабылданған шаралардың арқасында елордада адам өлтіру, денсаулыққа ауыр залал келтіру, ұрлау, тонау және тағы басқа қылмыстар азайды. Қоғамдық орындар мен көшелерде жасалатын қылмыстар саны кеміді. Адам өлтіру, зорлау, денеге ауыр жарақат салу, ұру, бұзақылық, автокөлік ұрлау фактілерінің бәрі ашылды. Бұл оң үрдіс әлі де жалғасуда. Быыл жыл басынан бергі 2 айда қылмыстың тіркелуі 10 пайыз төмендеді, – дейді департамент бастығы.



2025 жылды Ішкі істер министрі «Профилактика жылы: заң мен тәртіп күзетіндегі полиция» жылы деп атап, қоғам өкілдерін тарта отырып профилактикалық жұмыстарды күшейтуді тапсырды. Қоғамдық тәртіпті сақтау елордада азаматтар қауіпсіздігі үшін жағдай жасаудағы негізгі фактор саналады. «Полиция қадамдық қолжетімділікте» қағидаты

аясында қоғамдық орындарда полицейлердің үнемі жүруіне мән берілуде. Өткен жылы 6 учаскелік полиция қосыны, 3 стационарлық модульдік қосын іске қосылды. Ал биыл жыл соңына дейін тағы 13 УПК мен 3 СМК-ны пайдалануға беру көзделіп отыр.

– Цифрлық жобалар жүзеге асырылып, соның арқасында полиция қызметінің бірқатар

бағыттарының тиімді қызметі артты. Елордада 200 мыңнан астам бейне камера жұмыс істеп тұр, солардың көмегімен 3 мыңнан астам қылмыс ашылып, 27 мың әкімшілік құқықбұзушылық анықталды. Сонымен қатар «Визирь» аппараттық-бағдарламалық кешенінің бейне сарапшыларының жүйесінің көмегімен 563 адам анықталып, соның ішінде 327 күдікті мен құқық бұзушы мәлім болды, – дейді М.Тулебаев.

Ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының арқасында интернет-алаяқтық деңгейі де төмендеген. Осы ретте 161 адам мен 3 топ ұсталып, 1350 интернет-ресурс бұғаттауға жіберілді, 1116 сайттың жұмысы тоқтатылды. Есірткі бойынша 1116 заң бұзушылық тіркеліп, 342 кг есірткі тәркіленді. 238 есірткі сайты жабылды. 1,5 млн-нан астам әкімшілік құқықбұзушылық анықталды. Абаттандыру ережелерін бұзған 22 мың заң бұзушы жауапқа тартылды, соның ішінде 207 құрылыс компаниясы, 217 мердігер ұйым, 100 қызмет көрсетуші ұйым, 260 шағын және орта бизнес нысандары бар. Былтыр елдің тыныштығын бұзғандар бойынша 20,5 мың факт тіркелді. Алайда тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесі өткір, бұл фактілер 2023 жылға қарағанда 3 есе артты. Осы ретте 7 мың ұсақ бұзақылықпен әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

ВЕЙП ПЕН НАСЫБАЙ ҚАУІПТІ

Жылдың басынан бері Астананың барлық алты ауданында вейп пен насыбайдың заңсыз таралуы мен қолданылуын анықтау бойынша рейд жүргізілуде. 2025 жылдың үш айында қалада мыңдаған сауда орындары тексеріліп, жүздеген заң бұзушылық анықталды. Жедел профилактикалық іс-шараларды аудандық әкімдіктердің қызметкерлері Астана полиция департаментімен бірлесіп жүргізеді. Рейд жеке кәсіпкерлік объектілерін – сауда орталықтарын, азық-түлік дүкендерін және т.б. қамтиды.



дық орындарда кальян шегуге қатысты тыйымды бұзған мекемелерге келушілерге қатысты 65 әкімшілік хаттама толтырылды. Айыппұлдардың жалпы сомасы 3 млн 325 мың теңгені құрады.

Алматы ауданының аумағында кальян тұтыну және сату жағдайларын анықтау бойынша 11 рейдтік іс-шара өткізілді. 45 жеке тұлғаға айыппұл салынды, сонымен қатар шегілмейтін темекі өнімдерін – насыбай мен снюсті сатуға анықтау үшін 6 рейд жүргізілді. 20 дүкен анықталды, 500-ден астам шегілмейтін темекі өнімдері тәркіленді, барлық құқық бұзушы жауапқа тартылды. Сарыарқа ауданының әкімдігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп 15 рейдтік іс-шара өткізді, оған мемлекеттік органдар мен қоғам өкілдері қатысты. Жыл басынан бері аудан бойынша қоғамдық орындарда кальян шегетін бұзушыларға

қатысты ҚР ӘҚБтК 441-бабы бойынша 115 әкімшілік хаттама жасалды.

Сарайшық ауданында шегілмейтін темекі өнімдерін заңсыз сатқаны үшін 196 600 теңге көлемінде айыппұл салынды. 58 дана шегілмейтін темекі өнімдері іс-шара өткізілді. 28 дүкен анықталды, 20 кг-дан астам шегілмейтін темекі өнімдері тәркіленді, барлық құқық бұзушы әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Сондай-ақ ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық

туралы Кодексінің 441-бабына сәйкес қоғамдық тамақтану орындарында темекі өнімдерін, оның ішінде қыздырылатын темекі, кальян өнімдерін тұтыну фактілерінің алдын алу және жолын кесу бойынша рейдтік іс-шаралар белсенді түрде жалғасып жатыр.

Естеріңізге сала кетейік, шегілмейтін темекі өнімдерін заңсыз сататын сауда орындарына және вейп сатушыларға әкімшілік хаттама мен 25 айлық есептік көрсеткіш немесе 92 300 теңге көлемінде айыппұл салынады. Заң бұзушылықтар анықталған кезде кальян шегетін адамдарға 15 АЕК мөлшерінде, қайта бұзылған жағдайда – 20 АЕК, ал мекеме иелеріне 20-дан 60 АЕК-ке дейін айыппұл салынады.

Райхан РАХМЕТОВА

Есіл ауданында қоғамдық орындарда шегілмейтін темекі өнімдері мен кальяндарды тұтынуды бақылау бойынша 30 рейд жүргізілді. Тексеру қорытындысы бойынша 523 құқық бұзушылық анықталды, жалпы сомасы 18 868 235 теңгеге 523 әкімшілік хаттама жасалды, оның 14 749 465 теңгесі өндірілді. Нұра ауданында 21 кәсіпкерлік объектісіне профилактикалық түсіндіру жүргізілді. Тексеру барысында заң бұзудың 12 жағдайы анықталды, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар өнімдер, кальянға арналған темекі, кальян қоспалары, темекіні қыздыруға арналған жүйелер, электронды темекі және оларға арналған сұйықтықтар бар. Рейд қорытындысы бойынша қоғам-

ҚҰРМЕТТІ АТА-АНАЛАР!

«Intellectual generation» ЖШС жекеменшік мектеп – жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы.

Ата-ананың төлемі жылына 1200 АЕК-тен аспауы керек (2024 жылы – 4140000 теңге).

Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда, «Қаржы орталығы» АҚ-қа хабарласуыңызды сұраймыз.

Сенім телефондары: 8-7172-695-037, 8-7172-695-058.

Жан басын шаққандағы нормативтік қаржыландырудың «Жол-көлік кешенінің басшы қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институты» ЖШС мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы «Есіл» жалпы білім беретін жекеменшік орта мектебі болып табылады. Ата-ана төлемі жылға 1200 АЕК аспауы керек. Бұл білім беру мекемесінде жылда ата-ана төлемі төленбейді.

Сенім телефондары: 8-7172-695-037, 8-7172-695-058.

«Ваш Столичный Ломбард» ЖШС кепіл мүлкін соттан тыс сатуға күн сайын жүзеге асырады. Ломбардтардағы зергерлік бұйымдар түріндегі мүлкті ашық аукцион арқылы сатады. Тольғырақ: vsl.kz/torgi

Әріптесіміз Туралинов Назар Шамғанұлының баласы

Туралинов Рустам Назарұлының мезгілсіз өмірден өтуіне байланысты ата-анасына, жолдасы мен балаларына, жақындары мен ағайын-туыстарына қайғыра көңіл айтамыз.

Астана қаласы № 1 қалалық емхана ұжымы

ЖАҢА ФОРМАТТАҒЫ КЕЗЕКТІЛІК

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің көрсету сапасын бағалауды және мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган ретінде мемлекеттік қызметтерді жетілдіру бойынша белсенді жұмыс жүргізеді.

Бұл жұмыстың сапасын қамтамасыз ету мақсатында, ең алдымен, түрлі ақпарат көздерінен мәлімет жиналады, атап айтқанда, қызмет көрсетушілердің шағымдары негізінде жоспардан тыс тексеру барысында анықталған мәселелер, мемлекеттік органдардың ақпараттары және т.б. болуы мүмкін.

Осылайша, Департаментке мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына жіберілетін балаларды кезектен заңсыз алып тастауға қатысты Астана қаласы тұрғындарынан шағымдары келіп түсті.

Мемлекеттік қызмет көрсету Қағидалардың жаңа редакциясына сәйкес, бірыңғай база көрсетілетін қызметті алушының кезекке мүдделілігін растау

үшін өтініш берілген күннен бастап 11 ай өткеннен кейін проактивті тәсілмен хабарламаны жылына бір рет жолдайды. Қызметті алушыдан жауап алмаған жағдайда, хабарлама бір айдан соң қайта жіберіледі, кейін хабарламаға қайта жауап болмаған немесе теріс жауап келген жағдайда кезек архивке жіберіледі деп көзделген.

Шағымдарды қарау барысында заңнамаға енгізілген өзгерістерге байланысты, жыл сайынғы жаңарту нәтижесінде барлық пайдаланушыларға а.ж. қаңтарда Indigo24. жеке кабинетіндегі өтінішті кезекке қайтару керектігі туралы хабарлама жіберілгені және балабақшаға мүдделілігін растамаған өтініш берушілердің кезектілігі стоп-параққа енгізіліп, кейіннен өтінімдер жойылып, мұрағатталғаны анықталды.

Осы негізде, Департаментпен жаңа талаптар заңды күшіне енгенге дейін бұрын кезекке қойылған балалардың

кезектілігін қалпына келтіру бойынша техникалық мүмкіндігін қарастыру және ақпараттық жүйенің жұмысын Қағидалар талаптарына сәйкестендіру бойынша тиісті ұсыныс Астана қаласының Білім басқармасына жолданды.

Нәтижесінде, қызмет алушылардың бұрын кезекке қойылған балалардың кезектілігі және бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті

№39 (4783) 05/04/2025 Сенбі

ТІЛЕНДИЕВ ТУЫНДЫЛАРЫНЫҢ САЛТАНАТЫ

Астанада аса көрнекті күйші-композитор, дарынды дирижер, Қаз КСР және КСРО Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Халық Қаһарманы Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығына арналған «Құстар әні» республикалық фестивалі өтті. Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясы ұйымдастырған іс-шара үш күнге созылды. Кеше фестиваль шымылдығы гала-концертпен жабылды.



Бірінші күні майталман музыканттың өмірі мен шығармашылығына арналған дөңгелек үстел отырысы ұйымдастырылды. Оған қатысқан мәдениет және өнер қайраткерлері, композитордың шәкірттері Нұрғиса Атабайұлының жарқын бейнесін еске алып, музыкалық мұрасы жайында әңгіме өрбтті. Ұйымдастырушылар тарапынан сөз алған Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясының директоры Ерлан Дәкенов пен осы өнер ұжымының қазақ оркестрінің көркемдік жетекшісі-бас дирижері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Айтқали Жайымов фестивалінің мән-маңызына тоқталды.

Фестивальдің мақсаты – аса көрнекті композитордың шығармашылық мұрасын кеңінен насихаттау, ұлттық музыка өнерінің дамуына ықпал ету, жас музыканттарға қолдау көрсету және өңірлік өнер ұжымдарының тәжірибе алмасуына мүмкіндік жасау.

Нұрғиса Тілендиевтің бірнеше әнінің алғашқы орындаушысы, Қазақстанның Халық әртісі Нұрғали Нүсіпжанов композитормен елу бір жыл сырлас, мұңдас, сапарлас болғанын айта келе, «Саржайлау», «Алатау», «Өз елім» секілді әндер өзінің дауысына жазылғанын, осы туындыларды орындап, Нұрғисаның ризашылығын алғанын, композитордың өнерде ықыласы, киесі өлшеусіз биік болғанын жеткізді.

Қазақстанның Халық әртісі Майгүл Қазтұрғанова «Жүрегім менің» әнінің репертуарына қалай енгенін әсерлі баяндап, оған Нұрғиса Атабайұлының берген жоғары бағасын еске алды. Нұрғиса Тілендиевтің күй мұрасын зерттеуші, К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің «Дәстүрлі музыкалық өнер» факультетінің деканы, мәдениет саласының үздігі Батырлан Әбенев, Қазақстан Композиторлар одағының төрағасы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, композитор Серікжан Әбдінұров ғасырда бір туатын таланттың компо-

зиторлық қырларына тоқталды. Дөңгелек үстелді Астана қаласы Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Нұран Амангелдіұлы қорытындылады.

Қызыл кілемнен өту салтанатынан кейін фестивальдің шымылдығы түрлі. Оны Нұрғиса Тілендиевтің «перзенті», өзінің атындағы «Отырар сазы» фольклорлық-этнографиялық оркестрі «Ата толғауы» күйімен ашып берді. Концерт барысында осы өнер ұжымының көркемдік жетекшісі-бас дирижері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, композитордың қызы Динара (Дінзұхра) Тілендиева және Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Жалғасбек Бегендіков дирижерлік етті. Әрі қарай бұл оркестрдің орындауында және сүйемелдеуімен Нұрғисаның өлмес туындылары әуеледі. Көп айтылмайтын «Жан сәулем», «Абай табиғаты», «Қарлығаштар», «Ақ құсым», «Жазғырма мені жан аға» секілді әндерді және елге танымал «Дарига домбырамды берші маған» туындысын халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаттары Нұрғалым Аманбай, Назерке



Өмірбаева, Фируза Рахметова, Фархат Кубиев, Сәулежан Тағзия айтты. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Светлана Айтбаева «Махаббат таңы» әнін әуелетті. Композитордың жанын Даяна Тілендиева елге сүйікті «Күе бол» әнін орындады. Ашылу концертін барлық әншілер «Құстар әні» туындысымен түйіндеді.

Екінші күні фестиваль аясында еліміздің бірқатар өңірінен келген филармония ұжымдарының концерті өтті. Онда Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Жетісу және Павлодар облыстарынан, сонымен қатар Семей, Қарағанды, Шымкент қалаларынан өнер ұжымдары қатысты.

Атап айтқанда, Қали Байжанов атындағы Қарағанды концерттік бірлестігінің «Аққу»

фольклорлық-хореографиялық ансамблі, Ақан сері атындағы Солтүстік Қазақстан облыстық филармония өнерпазы Біржан Есжанов, «Шымкент концерт» концерттік ұйымының әншісі Жақып Сапарбек өнер көрсетті. Нұрғиса Тілендиевтің әндері мен фестиваль туралы Ғарифолла Құрманғалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық филармониясының шығармашылық бөлім меңгерушісі Мәди Сабырұлы мен Иса Байзақов атындағы Павлодар облыстық филармониясының шығармашылық жөніндегі басшысының орынбасары Сәуле Мұқаева пікір айтты. Концертті Иса Байзақов атындағы Павлодар облыстық филармониясының өнерпазы Жібек Айтбаева мен RUH ethnomix ансамблі қорытындылады.

Үшінші күні фестивальдің жабылу салтанатында композитордың «Атадан мұра», «Көш керуен», «Махаббет», «Абай табиғаты», «Алтын дән», «Жеңіс салтанаты», «Қарлығаштар», «Әке туралы жыр», «Өз елім», «Ақ шағала», «Келе жатыр құс қайтып», «Құстар әні» сынды халық жүрегінен орын алған туындылары орындалды. Кеште Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Бағдат Сәмедінова, Жәмила Жарқымбаева, Амантай Жұмашев, халықаралық байқаулардың лауреаттары Асылзат Нұғманова, Айбек Тұрарбеков, Фируза Рахметова және басқа да белгілі өнерпаздар өнер көрсетті.

Бұл күнгі салтанат сәнін Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясының қазақ оркестрі кіргізді. Оған аталмыш оркестрдің көркемдік жетекшісі-бас дирижері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Айтқали Жайымов, оркестр дирижері, Мәдениет қайраткері Нұрлан Бекенов, «Шымкент концерт» концерттік ұйымының қазақ ұлт аспаптар оркестрінің көркемдік жетекшісі, мәдениет саласының үздігі Ерлан Дәуренбеков, Үкілі Ыбырай атындағы Ақмола облыстық филармониясының «Кенжебек Күмісбеков» атындағы қазақ оркестрінің бас дирижері Жанат Рашид дирижерлік етті.

Салтанат МҰРАТҚЫЗЫ,
Айман НЫҒИМЕТ,
Аманғали ҚАЛЖАНОВ

ҚЫЛҚАЛАМДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Бейбітшілік және келісім сарайында «Ұлттық құндылықтар: салттың сырлы бейнесі» атты республикалық шығармашылық байқауының жеңімпаздарын марапаттау салтанаты өтті.



Іс-шараның негізгі мақсаты – бейнелеу өнері арқылы ұлттық құндылықтар мен мәдени нысандарды насихаттау, сондай-ақ отандық суретшілердің шығармашылығын қолдау және патриоттық рух пен ұлттық бірегейлікті қалыптастыру. Байқауға Қазақстан өңірлерінен 137 кәсіби суретші қатысты. Олар қазақтың мәдени құндылықтарын шебер бейнелеп, өз еңбектерін пейзаж, натюрморт және сюжетті картина жанрларында ұсынды.

Байқау қорытындысы бойынша қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына ерекше көркемдік көзқарас бейнеленген үздік жұмыстар таңдалды. Бұл туындылар заманауи көркемдік техникалар мен дәстүрлі мотивтерді үйлестіріп, ұлттық мұраны жаңаша пайымдайды.

Бас жүлдені Оралбек Қабокеге «Өмір есігі» картинасы үшін берілді. I орынды Қами Айтқалиев («Ас» картинасы), II орынды Үміт Жұбаншыева («7 күлше»), III орынды Әсет Жақыпбек («Ақ күйме») иеленді.



Байқау аясында қазақ халқының ұлттық құндылықтарын жан-жақты көрсететін көрме ашылды. Қонақтар қазақ халқының дәстүрлері, тұрмы-

сы мен философиясының заманауи көрінісін тамашалай алады. Көрме екі ай бойы жұмыс істейді.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqrarat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – ЕРКІН ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 10 200. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс № 39

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Ержан ҚОЖАС